



XҒТАР 19.19.21
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-151-2-162-175>

Ақпараттық кеңістіктегі нейрондық желілер: медиалық мүмкіндіктер, мәселелері мен болашағы

Ж. Секей*^{ORCID}, А.С. Хибадуллина^{ORCID}, Г. Сағындыққызы^{ORCID}

Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан

(E-mail: *janbota2010@mail.ru, aibin_2011@mail.ru, guka_82-82@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада медиакеңістікте нейрондық желілерді қолданудың мүмкіндіктері, мәселелері және болашағы қарастырылады. Жасанды интеллект технологияларының, әсіресе нейрондық желілердің медиасаладағы рөлі талданып, медиамамандардың кәсіби қызметіне ықпалы сараланады. Мақаланың негізгі мақсаты – болашақ медиа мамандардың кәсіби қызметінде нейрондық желілерді тиімді пайдалану жолдарын анықтау, осы технологиялардың артықшылықтарын талдау. Цифрлық технологиялардың дамуы медиасаланы түбегейлі өзгертіп, жасанды интеллект пен нейрондық желілерді қолданудың жаңа мүмкіндіктерін ашуда. Әсіресе, ақпаратты жинау, өңдеу, тарату үдерістерінде осы технологиялар медиа мамандардың жұмысын жеңілдетіп, өнімділікті арттыруға ықпал етуде. Алайда, нейрондық желілердің енуі кәсіби этика, жалған ақпараттың таралуы, шығармашылық еркіндік пен адам еңбегінің орнын алмастыруы сияқты өзекті мәселелерді туындатып отыр. Медиакеңістіктегі нейрондық желілердің ықпалын зерттеу, мүмкіндіктері мен қауіптерін айқындау арқылы осы саланың даму перспективаларын саралау – ғылыми әрі тәжірибелік тұрғыдан маңызға ие. Зерттеу әдістемесі ретінде талдау, сауалнама, деректерді өңдеу және сараптамалық бағалау әдістері басшылыққа алынды. Зерттеудің маңыздылығы медиакеңістіктегі технологиялық үдерістердің динамикасын түсінуге, медиа мамандары үшін жаңа перспективаларды анықтауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, нейрондық желілер медиасалада контентті өңдеу жылдамдығын арттырып, ақпараттың сапасын жақсартып алады, бірақ этикалық мәселелер мен жұмыс орындарының қысқаруы секілді сын-қатерлерді де туғызуы мүмкін. Медиасаласына жасанды интеллект технологияларының ықпал етуіне байланысты, болашақ медиа мамандарының кәсіби құзыреттері шеңберінде нейрондық желілерді қолдану дағдыларын дамыту өзекті қажеттілікке айналуда.

Түйін сөздер: БАҚ, кәсіп, нейрондық жүйе, сандық интеллект, білім алушы, бұқаралық ақпарат өкілі, медиаөнім.

Кіріспе

Бүгінде ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллектінің қарқынды дамуы бірқатар қызмет салаларына, нақтырақ айтқанда медиа индустрияға үлкен трансформация жасады. Нейрондық желілер ақпараттық және ойын-сауық бағдарламаларын жасау, ғылыми мәтіндер құрастыру, оларды иллюстрациялау, деректерді өңдеу, фото мен бейне контенттерді редакциялау, сондай-ақ мәтіндік хабарламаларды түзету сияқты түрлі күрделі міндеттерді орындауға қабілетті.

Әуел баста жасанды интеллект технологияларының мүмкіндіктерін қайсыбір жекелеген адамдар, алпауыт IT-компаниялар қожайындары мен қызметкерлері, сонымен бірге медиахолдинг мамандары өз игіліктеріне жарататын болса [1], ал бүгінде медиа түптеп келгенде шығармашылықпен айналысатын – SMM мамандары, журналистер, копирайтерлер, жарнама мамандары, редакторлар, графикалық дизайнерлер мен таргетологтар секілді индустрия өкілдері [2] кеңінен пайдалана алады. 2023 жылы Indusface компаниясы жүргізген сауалнамаға Ұлыбританияның әртүрлі экономикалық секторларынан, оның ішінде 25 сала өкілдерін қамтыған, шамамен 2000 респондент қатысты. Жүргізілген сауалнамаға сәйкес, жарнама және медиаиндустрия мамандары *ChatGPT* нейрондық желісінің белсенді қолданушылары деп танылып, шамамен үштен бірін (39% және 33%) құрады [3]. Ал Массачусетс технологиялық институтының жүргізген зерттеуі нейрондық желілер көмегімен кейбір кәсіби мәтіндерді 40%-ға шапшаңырақ, 18% сапалы жазуға болатынын дәлелдеп берді [4].

Жасанды интеллектіні контент әзірлеу және өңдеу мақсатында пайдалану қазіргі студенттер арасында да үлкен қызығушылық тудырып отыр. 2023 жылы Skillfactory онлайн-платформасының мамандары жүргізген сауалнама нәтижелері бойынша, «ресейлік студенттердің басым бөлігі (65 %) нейрондық желілердің қызметін және оларды қалай қолдану керектігін түсінеді, ал жоғары оқу орындарында білім алушылардың жартысы бұл технологияларды оқу үдерісінде тұрақты түрде пайдаланады» [5]. Skillfactory ұсынған деректерге сәйкес, студенттер нейрондық желілерді рефераттар мен эсселер жазу және редакциялау, мәтінді шет тілдеріне аудару, иллюстрациялар әзірлеу, сондай-ақ фотосуреттер мен кескіндерді өңдеу үшін қолданады. Соған қарағанда, жоғары оқу орны түлектері болашақта өздерінің еңбек функцияларын орындау үшін нейрондық желілермен жұмыс істеуде үйренген дағдыларын сәтті пайдалана алатыны анық.

Ал Бүкілресейлік қоғамдық пікірді зерттеу орталығының зерттеу нәтижелері бізге тым қызық болып көрінді. Ресейліктердің 69%-ы шығармашылық адамын нейрондық желі алмастыра алмайды десе, сауалнамаға қатысушылардың тек 19%-ы ғана алмастыра алуы мүмкін деген жауап бергенін зерттеу көрсетіп отыр. Алайда, бұл мәселені жақсы білетіндердің арасында нейрондық желілердің мүмкіндіктеріне деген сенім әлдеқайда жоғары, ол 37%-ды құрап отыр. Сонымен қатар, жасанды интеллект технологиялары шығармашылық мамандықтардың мамандарын алмастырады деген сенім респонденттің жас ерекшелігіне тікелей қатысты. Көп жағдайда жастар бұл ойды қуаттайды. Әсіресе 18-24 жас аралығындағылар арасында әрбір үшінші жас осы пікірді ұстанады. Демек, бұл нейрондық желілер жас ұрпаққа неғұрлым түсінікті, әрі үлкен сұранысқа ие деген сөз.

Болашақ медиа саласының мамандары үшін жасанды интеллект технологияларының тілін білудің қажеттілігін ғылыми орта да қуаттайды. Ұлыбританияның бас қаласында

орын тепкен Sciences Po журналистика мектебінің деканы Элис Антеомның айтуынша, алдағы уақытта жасанды интеллект технологияларының құлағында ойнайтын және оны мүлдем игере алмайтын журналистер арасында айтарлықтай айырмашылық пайда болады. Ол болашақ журналистердің жасанды интеллектінің дамуына инженер-технологтар сияқты белсенді ықпал ететінін атап өтеді [2].

Қазіргі уақытта медиа индустриямен тікелей байланысты мамандықтардың аясы айтарлықтай кең. Медиа саласының мамандары бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану үдерістері мен олардың жеке адамға және қоғамға ықпалын зерттеумен айналысады. Осы тұрғыдан алғанда, бұқаралық ақпарат қызметкерлерінің кәсіби қауымдастығының қызмет ауқымы тек медиа индустриямен (газет, журнал, радио, теледидар, онлайн-БАҚ, киноөндірісі) шектелмейді. Қызмет аясына жарнама жасау, қоғаммен байланыс, мәдениет пен медиа білім беру де кіреді.

Заманауи медиа мамандар жасанды интеллектіге қатысты технологиялық инновациялардың қажеттілігін сезініп, кеңінен қолданады. Reuters институтының зерттеушілері көрсеткендей, медиа мамандардың тәжірибесінде көбінесе ақпарат көздерін жинау, өңдеу мен тексеру, newsgum-дағы процестерді автоматтандыру (тегтерді орналастыру, жазбаларды декодтау, т.б.), сайтты қолданушыларға арналған ұсыныстарды баптау, сондай-ақ мәтіндерді генерациялау процестерінің іске асырылуына жасанды интеллектінің алгоритмдік шешімдерінің қол ұшын беретіні медиа мамандардың тәжірибесінде жиі кездеседі [6].

2015 жылдан бастап БАҚ пен медиада нейрондық желілерді пайдаланудың әртүрлі аспектілерін зерттеуге арналған ғылыми жарияланымдар саны айтарлықтай өскен [7]. Нейрондық желілерді қолданудың артықшылықтары бар екенін көптеген ресейлік және шетелдік зерттеушілер өз еңбектерінде атап өтіп, бұл құбылысты орынды әрі әлемдік медиа индустрияның уақтылы даму кезеңі деген ат қойып, айдар тағады [8, 24]. Мамандар жасанды интеллект технологияларының оңтайлы қолданыс табуын әлеуметтік медиамен ара қатынасына қарап бағалайды [2, 8]. Бұл жайында жазылған қазақ ғалымдарының зерттеулері саусақпен санарлықтай.

Медиа мамандардың кәсіби қызметіне нейрондық желілердің жаңа мүмкіндіктері мен оң әсері болумен қатар қайсыбір сын-қатерлердің тууына жол ашады [8]. Ресейлік [9] және шетелдік [10] ғалымдардың еңбектерін талдау нәтижесінде қазіргі ғылыми қауымдастықтың назарын аудартатын әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы алты негізгі векторды анықтауға мүмкіндік береді:

1. Кординациялау мәселелері – қоғамдық мекеменің рухани мәдениетін көтеру, жұмысшылардың өкілеттілік мәртебесін анықтау, қызмет жасау жүйесін тиімді ету.

2. Заң тұрғысынан – электрондық қолтаңбаны пайдалану, жарияланған мәліметтердің заңдық мәртебесін анықтау, зияткерлік меншік құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету.

3. Электрондық теңсіздік мәселелері – сандық технологияларға қолжетімділік деңгейіндегі айырмашылықтар.

4. Білім беру мәселелері – оқытудың даралануы мен қолжетімділігі, сондай-ақ білім беру үдерісінде адамның өзіндік рөлін жоғалту қаупі.

5. Психологиялық мәселелер (тұлғааралық қарым-қатынасты виртуалдандыру; мазасыздану, жақын адамдарының көңіл бөлмеуі, т.б.).

6. Аномальды және ассоциалды құбылыстардың пайда болу мәселелері (сыбайлас жемқорлық, мансапқорлық) [6].

Жоғарыда көрсетілген ғылыми зерттеу бағыттарымен қатар, медиа мамандардың медиа контентті әзірлеу және өңдеу үдерісінде жасанды интеллектімен бәсекелесу қабілетінің төмендеуі олардың еңбек нарығындағы сұранысының азаюына алып келуі мүмкін екенін атап өту маңызды. Бұл қазіргі таңда ерекше өзектілікке ие болып отыр [8]. Бұл мәселе тек бұқаралық ақпарат құралдарын зерттеушілер арасында ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығын талдаушылар арасында да алаңдаушылық туғызып отыр. Болжамдарға сәйкес, «егер бұрынғы технологиялық өзгерістер қарапайым біліктілігі төмен жұмысшыларға үлкен әсер етсе, енді жоғары біліктілік пен білімді қажет ететін салаларға орасан зор ықпал етеді» [4]. Нейрондық желілердің дамуынан медиаиндустрия қызметкерлеріне төнген сын-қатерлердің белең алуына 2023 жылы АҚШ-тың сценаристер гильдиясының 148 күнге созылған масштабты ереуілі дәлел болады. Онда наразылық білдірген сценаристер автор мен бірлескен автор болып сценарий жазуға жасанды интеллектіні қолдануға тыйым салуды талап етті. Ал актерлер болса өздерін тек бір күнге түсірілімге түсіруге, сыртқы келбетін сканерлеуге, түсірілімге бір рет қана ақы төлеуге, кейіннен өздерінің сандық образдарын пайдалануға келісімдерін берді [4]. 46 елдің 53900 жұмысшысы қатысқан PwC компаниясының зерттеуінде: «Алдымыздағы бес жыл ішінде жасанды интеллект (ЖИ) сіздің мансабыңызға қалай әсер етеді?» деген сауалға респонденттердің 18%-ы «ЖИ мен игере алмайтын жаңа білімді талап етеді», 14%-ы «ЖИ жұмысымды басқа арнаға өзгертеді», ал 13%-ы «Мені жұмыс орнында ЖИ ауыстырады» – деген көңілді алаңдататын нұсқаны таңдаған [3].

Осылайша, жұмыс орындары үшін болған бақталастықта жасанды интеллектімен бәсекелестіктің күшеюі болашақ үшін ғана емес, қазіргі медиа мамандары үшін де өткір тұр.

Әдіснама

Жұмысты жазу кезінде сауалнама жүргізу, жалпылау, талдау, аналогия әдістері пайдаланылды. Мақала білім алушылардың нейрондық желі турасындағы таным-түсінігін, оларды тұтыну жолдарын, келешек кәсіптік жұмыстарында жасанды интеллект құралдарына қажетті жерде жүгіну мүмкіндігін, сонымен қатар ЖИ-дің қарқынды дамып, қанатын кең жаюына байланысты туындайтын сын-қатерлерге қатынасы туралы зерттеу жасалды. Мақсатымыз – филология-журналистика білім беру бағдарламасының білім алушыларының оқу мен болашақ кәсіби қызметтерінде нейрондық желілердің мүмкіндіктерін пайдалану жолдарын зерттеу.

Зерттеу міндеттері: болашақ медиа мамандардың нейрондық желілерді қолдана алатын білімі мен тәжірибесін анықтау; оқу процесінде жасанды интеллект технологияларын пайдалану жиілігін анықтау және қолдану дағдыларын зерттеу; студенттердің бұқаралық ақпарат құралдарында нейрондық желі мүмкіндіктерін тиімді пайдалану жолдарын талдау; жасанды интеллектінің даму тенденцияларына және оның медиа саласындағы әсеріне қатысты студенттердің көзқарастарын зерттеу; оларды қолдану барысында туындайтын ықтимал сын-қатерлерді және шешу жолдарын айқындау.

Зерттеу 2024 жылдың қазан-қараша айларында жүргізілді. Сауалнама Google Forms платформасында әзірленіп, қатысушылар оған онлайн режимде анонимді түрде жауап берді. Зерттеу құралы ретінде 18 жабық және ашық сұрақтан тұратын сауалнама пайдаланылды.

Сұрақтар үш блогқа топтастырылып берілді. Бірінші блог болашақ медиа мамандарының нейрондық желі технологиялары туралы өзіндік ойларына арналды. Студенттердің оқу процесінде жасанды интеллект технологияларын тәжірибелік тұрғыдан қолдануына, тапсырмаларды орындау үшін нейрондық желілерді қолдану жиілігіне қатысты сұрақтар екінші блогтың мазмұнын құрады. Үшінші блок сұрақтары журналистің болашақ кәсіби қызметінде нейрондық желі технологияларын қолдануға, сондай-ақ медиаиндустриядағы жасанды интеллектінің дамуына байланысты туындаған мәселелерге деген респонденттердің көзқарасын анықтауды мақсат етеді. Аталған бөлімдерден басқа, сауалнама құрамына сауалнамаға қатысушылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары, даярлау бағыты жазылған «төлқұжат» кіреді.

Зерттеуге Шәкәрім университетінің «Филология-журналистика» ББ-ның бірінші курстан бастап төртінші курсқа ($n = 100$) дейінгі аралықтағы бакалавриат студенттері қатысты (оның ішінде 17% ұл балалар, 83% қыз балалар). Қатысушылардың толық сипаттамасы 1-кестеде көрсетілген.

Даярлау бағыты	Оқыту жылы (курс)				
	бірінші	екінші	үшінші	төртінші	барлығы
Филология-журналистика	24	26	26	24	100

1-кесте. Қатысушылардың сипаттамасы, адам саны

Ескерту: авторлар құрастырған

1-кестеде көрсетілгендей «Филология-журналистика» ББ бойынша сауалнамаға қатысқан әр курс студенттерінің саны да шамамен бірдей. Бұл алынған деректердің репрезентативтілігі мен салыстырмалы бағалау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Алынған зерттеу нәтижелері кейінгі ғылыми жұмыстар үшін салыстырмалы дерек көзі ретінде қызмет ете алады.

Нәтиже мен талқылау

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сауалнамаға қатысушылардың барлығы нейрондық желілер феноменімен таныс екенін білдірді. Ал болашақ медиа мамандардың 88%-ы нейрондық желілерді өз тәжірибесінде тиімді қолдана алатынын көрсеткен.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, студенттердің 30%-ы интеллекті көмегіне көп жүгінбейді, бірнеше айда бір рет қана қолданады. Алайда сауалнамаға қатысқандардың 18%-ына апта сайын, ал 17%-ына аптасына бірнеше рет жасанды интеллект көмек қолын созады. Сауалнамаға қатысушылардың 6%-ы күн сайын нейрондық желіні пайдаланады. Болашақ медиа мамандар арасында нейрондық желілердің танымалдылық рейтингі 2-кестеде көрсетілген.

Нейрондық желінің атауы	Осы нейрондық желіні жиі пайдаланатын студенттердің үлесі, пайызбен	Тәуелсіз зерттеу ұйымы
ChatGPT	88	OpenAI
YandexGPT	34	Яндекс
Canva	32	OpenAI
Midjourney	27	Midjourney
Шедевр / Masterpiece (Shedevrum)	25	Яндекс

2-кесте. Болашақ медиа мамандарының ең танымал бес нейрондық желісінің рейтингі

Ескерту: авторлар құрастырған

Сауалнамаға қатысушылар медиада қолдануға болатын жасанды интеллект технологияларының көп екендігін білулеріне қарамастан (алынған мәліметтерге сәйкес, олар нейрондық желілердің 14 атауын белгілеген), болашақ журналистер арасында ең көп сұранысқа ие ChatGPT нейрондық желісі екенін сауалнамаға қатысқандардың 88%-ы растап отыр (2-кесте).

Жасанды интеллектінің басқа технологиялары онша танымалдылыққа ие емес. Сонымен, YandexGPT және Canva нейрондарын сауалнамаға қатысушылардың үштен бірі (34% және 32%), ал Midjourney мен Шедевр нейрожелілерін респонденттердің төрттен бір бөлігі ғана қолданады. 2-кестедегі рейтингті Skillfactory компаниясы жасаған рейтингпен салыстыру қызығырақ сияқты [5], олар тек бірінші позицияда сәйкес келеді екен. Ресейлік студенттер арасында ең танымал үшінші мәтіндік сипаттамаларға сәйкес кескін жасап беретін Kandinsky нейрожелісі Шәкәрім университетінің болашақ медиа мамандары арасында қолданысқа ие емес.




1-сурет. Нейрондық желілерді қолдану арқылы орындалатын оқу тапсырмалары, сауалнамаға қатысқандардың % үлесі

Ескерту: авторлар құрастырған

Зерттеу нәтижелері студенттердің көбінесе тапсырмаларды орындау мақсатында нейрондық желілерге жүгінетінін көрсетеді. Сауалнамаға қатысушылардың 57%-ы шағын мәтіндерді жазу және өңдеу, 48%-ы жаңа креативті идеяларды іздеу, 46%-ы өз жұмыстарын иллюстрациялау, ал 38%-ы фотосуреттер мен кескіндерді өңдеу үшін жасанды интеллект технологияларын пайдаланатынын атап өтті. Сауалнамаға қатысқандардың тек 7%-ы нейрондық желіні емтиханға арналған парақ (шпаргалка) жасау ретінде пайдаланады, бұл Skillfactory зерттеуінің нәтижелерімен сәйкес келеді [5].

Сауалнамаға қатысушылардың басым көпшілігі (76%) оқу процесінде нейрондық желілерді пайдалану уақытты үнемдеуге септеседі, ал 63%-ы «жаңа» тың идеяларды іздеуге көмектеседі деп санайды (2-сурет).



2-сурет. Болашақ медиа мамандардың нейрондық желілерді оқу процесінде пайдаланудың артықшылықтары, сауалнамаға қатысқандардың %

Ескерту: авторлар құрастырған

Бір таңқаларлық жайт, сауалнамаға қатысушылардың тек 17%-ы ғана нейрондық желілерді пайдалану арқылы оқу үлгерімін жақсартуға болады деген жауап береді. Респонденттердің тек 5%-ы нейрондық желілердің оқуға көмектесу мүмкіндігіне күмәнмен қарайды.


Алған мәліметтерге сәйкес, сауалнамаға қатысқан студенттердің жартысынан көбі (59 %) нейрондық желіні болашақ кәсіби қызметінде қолдануы мүмкін екенін, ал 35%-ы мұны міндетті түрде қолданатындарын айтты.

Сауалнамаға жауап бергендердің арасынан 5%-ы келешекте нейрондық желі құралдарынынан жәрдем күтпейтіндігін, тіпті мүлдем ойламағанын жазған.

Бүгінде БАҚ өкілдерінің келешек кәсіптерінде үлкен сұраныс тудырып отырған жасанды интеллектінің артықшылықтары хақында тілімізге тиек етсек, (3-сурет),

респонденттердің жартысынан көбі (65%) нейрондық желі технологияларының қара сөз мен өлең сөз жазу және оны редакциялау процесіне көп септігі тиетінін ерекше атап өтті. Сонымен қатар сауалнама сұрақтарына жауап бергендердің 61%-ы кескіндер мен фотосуреттерді әзірлеу және оларды жөндеу, 60%-ы тың ойларды генерациялау, ал 59%-ы визуалды эффектiлердi әзірлеу барысында нейрондық желілерді пайдалануға қызығушылық танытты.


Жалпы, болашақ медиа мамандар кәсіби қызметінде нейрондық желілер ұсынатын мүмкіндіктерді жоғары бағалайтынын білдірді.



3-сурет. Медиа мамандардың болашақ кәсібінде сұранысқа ие болатын нейрондық желілердің мүмкіндіктері, сауалнамаға қатысқандардың %

Ескерту: авторлар құрастырған

Болашақ кәсіби қызметі үшін нейрондық желілердің дамуына байланысты сын-қатерлерді бағалай отырып, сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі (67%) жасанды интеллект медиаиндустриядағы кейбір мамандықтардың жойылуына әкеліп соғуы мүмкін деген пікір айтты. Ал респонденттердің 52%-ы нейрондық желілерді пайдалану медиа мамандардың жалақысының төмендеуіне әкеледі деп санайды, студенттердің 36%-ы болашақта жаңа технологияларды игеріп, қосымша оқудан өту қажет деген болжам жасады. Сауалнамаға қатысқандардың тек 11%-ы өздерінің болашақ кәсіби қызметі үшін жасанды интеллект технологиялары дамуының ешқандай кемшіліктерін көрмейтіндерін айтты (4-сурет).



4-сурет. Болашақ медиа мамандар үшін нейрондық желілердің дамуындағы сын-қатерлер, сауалнамаға қатысқандардың % үлесі

Ескерту: авторлар құрастырған

Сонымен қатар, сауалнамаға қатысушылардың жартысына жуығы нейрондық желілерді пайдаланудағы білімдері мен дағдыларының деңгейін «орташа», ал 40%-ы «жаңа бастап үйреніп жүргендер» деп бағалайды. Болашақ медиа мамандардың тек 18%-ы өздерін сенімді пайдаланушылар қатарына қосса, ал 7%-ы тәжірибелі деп санайды. Студенттердің университет партасында отырып-ақ нейрондық желі технологияларын игеруге деген ұмтылыстары табиғи заңдылық сияқты. Өйткені сауалнамаға қатысушылардың 68%-ы «мұны жоғары оқу орнында оқытса жақсы болар еді» деген пікір білдірсе, төрттен бір бөлігі ғана (25%) «оқытудың ешқандай қажеттілігі жоқ, өйткені бәрін өз бетінше игеруге болады» деп санайды. Алынған нәтижелер Skillfactory [5] сауалнамасының деректерімен сәйкес келеді. Студенттердің көпшілігі (79%) жоғары оқу орындарында нейрондық желілерді қалай пайдалану керектігін оқытқанды жөн көреді.

Қорытынды

Жасанды интеллектінің медиа мамандардың еңбек нарығындағы сұранысына кері әсер етуі мәселесі медиа қауымдастықта алғаш рет 2015 жылы көтерілді. Бұл мәселе әсіресе Би-Би-Си жариялаған мақалада атап өтіліп, роботтардың жаппай жұмысқа, соның ішінде журналистика саласына енуі ықтимал қауіп-қатер ретінде атап өтілді. Ал әлемге танымал Narrative Science кәсіпорынында жетекші ғылыми қызметкер болып

жұмыс істейтін Кристиан Хаммонд есімді азамат алдымыздағы он бес жыл көлемінде ақпараттардың 90 пайызын жасанды интеллект құралдары көмегімен жазылатынын) болжаған еді. «Бұл журналистердің жұмыс орындарының 90%-ы босайды деген сөз емес. Журналистердің қамтылу аясы кеңейетінін білдіреді. Жаңалықтар кең қанат жаяды, журналистер деректер тарихын генерацияламайды. Анық, нақты нәрселердің интерпретациясын машиналар жасайды» [11] - деп түсіндіреді.

Қазіргі таңда нейрондық желілер медиаиндустрияның басты көмекшісіне айналууда. Оларды жұмыс процесінде қолдану медиа мамандарға маңызды және креативті мәселелерге назар аудара отырып, негізгі жұмыс тапсырмаларын айтарлықтай жылдамдатуға мүмкіндік береді [12]. Болашақ медиа мамандар жаңа құралдармен жұмыс істеуге, олардың қалай жұмыс істейтінін түсінуге дайын болуы керек [2]. Жасанды интеллект медиа саласының мамандары үшін қауіпті бәсекелеске айналмауы үшін журналистер, жарнама мамандары және басқа да медиа индустрия өкілдері нейрондық желілерді қолдану дағдыларын тұрақты түрде жетілдіріп, сондай-ақ саланың технологиялық өзгерістерінен хабардар болуы қажет.

Зерттеу нәтижелері болашақ медиа мамандардың басым бөлігі оқу үдерісінде жасанды интеллект технологияларын қолдану тәжірибесіне ие екенін дәлелдеуге мүмкіндік береді. Студенттер нейрондық желілерді кәсіби қызметте тәжірибелік тұрғыдан қолданудың артықшылықтарының ішінде күнделікті тапсырмаларды көз ілеспес шапшаңдықта орындау мен шығармашылық ойлауды дамытуды ерекше атап өтеді. Сауалнамаға қатысушылар нейрондық желілерге емін-еркін әрі тегін қол жетімділік пен оларды пайдалану технологияларын өз бетінше игеру мүмкіндігін жасанды интеллект технологияларының артықшылықтары деп анықтап берді. Алайда, респонденттердің тек үштен бірі ғана өзін сенімді және тәжірибелі пайдаланушы ретінде бағаласа, болашақ медиа мамандардың көпшілігі бұл саладағы білімдері мен дағдыларын «орташа» деңгейде немесе «жаңадан үйреніп жүрген» деңгейінде деп сипаттайды.

Зерттеу нәтижелері сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігінде медиа индустриядағы кейбір кәсіптердің жойылу мүмкіндігіне, сондай-ақ жасанды интеллект технологияларының дамуы салдарынан медиа мамандардың жалақысының төмендеуіне қатысты алаңдаушылық бар екенін көрсетті.

Сонымен қатар, болашақ журналистер нейрондық желілерді кәсіби қызметінде контент (мәтін, фотосуреттер мен кескіндер) жасау және өңдеу, жаңа идеяларды генерациялау, сондай-ақ визуалды эффекттерді әзірлеу мақсатында одан әрі пайдалануға ниетті екендерін білдірді.

Алынған нәтижелер студенттердің университетте нейрондық желі технологияларын игеруге деген ұмтылысы бар екенін көрсетіп отыр. Дегенмен, жоғары оқу орнының заманауи білім беру бағдарламалары жасанды интеллект технологияларын қолдану дағдыларын үйрететін курстар мен пәндерге мұқтаж.

Осы тұрғыдан келгенде «Русская медиагруппа» компаниясының басқарушы директоры Дмитрий Медниковтың «Ресейдің жоғары оқу орындары қауымдастығының басты міндеті нейрондық желілерді пайдалануға бағытталған білім беру бағдарламаларын сауатты әзірлеу» [13] деген пікірі ойымызды бекіте түседі. Қорыта айтқанда, медиа

саласында оқитын студенттердің жасанды интеллект мүмкіндіктерін зерттеудің сұранысқа ие бағыттары деп контентті жасау мен өңдеуге жол ашатын шығармашылық технологиялар ғана емес, аналитикалық және зерттеу құралдарын атауға болады.

Авторлардың қосқан үлесі:

Секей Ж. – ғылыми мақалада қолданылған деректерді талдау, мақаланы талапқа сай ресімдеу.

Хибадуллина А.С. – зерттеу нәтижелерін тұжырымдап, жазу.

Сағындыққызы Г. – сауалнама алу, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдерді жазу.

Әдебиеттер тізімі

1. Бейненсон В.А. Применение роботизированного контента в реализации рекреативных функций массмедиа. Знак: проблемное поле медиаобразования. – 2021. – №2(40). – С.184-193. <https://doi.org/10.47475/2070-0695-2021-10221>.
2. Карпович Э.М. Автоматизация работы SMM-специалистов с помощью искусственного интеллекта. PR и реклама: традиции и инновации: конференция «Связи общественностью: смыслы и технологии». – Красноярск, 2023. – С.252–254.
3. Хвостик Е. Люблю ИИ ненавижу. Коммерсантъ. – 2023. – №8. – С. 4-5.
4. Рождественская Я. Осторожно, снова интеллект! Коммерсантъ. – 2023. – №20. – С. 18-19.
5. Мамиконян О. Половина российских студентов используют нейросети в учебе. Forbes Life. – 2023. – №2. – С. 23-24.
6. Newman N. Journalism, Media and Technology Trends and Predictions. [Electronic resource] – URL: <https://reutersinstitute.politics.ox.ac.uk/sites/default/files/2022-01/Newman%20-%20Trends%20and%20Predictions%202022%20FINAL.pdf>. (accessed 03.02.2025)
7. Zorina V.A. Literature Review on Artificial Intelligence in Journalism: A Bibliometric Analysis of Publications Indexed in the Web of Science and Scopus. Вопросы теории и практики журналистики. – 2021. – №4. – С.734-744. <https://doi.org/10.17150/2308-6203.2021>.
8. Морозова А.А. Феномен искусственного интеллекта в современной науке: понятие, векторы и проблемы применения в сфере массмедиа. Знак: проблемное поле медиаобразования. – 2021. – №4(42). – С.41-52. <https://doi.org/10.47475/2070-0695-2021-10405>.
9. Игнатьева М.В. PR-специалисты vs нейросеть: в чью пользу будет счет? PR и реклама: традиции и инновации: конференция «Связи с общественностью: смыслы и технологии». – Красноярск, 2023. – С.120-125.
10. Rai N. Why Ethical Audit Matters in Artificial Intelligence? AI and Ethics. – 2021. – Vol. 2, no. 2. – P. 209-218.
11. Intelligent Machines: The jobs robots will steal first. [Electronic resource]. URL: <https://www.bbc.com/news/technology-33327659>. (Accessed: 03.02.2025)
12. Шкаленко А.В. Влияние искусственного интеллекта на креативные индустрии: тенденции и перспективы. Вестник ВолГУ. Серия 3: Экономика. Экология. – 2022. – №3. – С.44-59. <https://doi.org/10.15688/2022-0596-2021-10321>.
13. XIV Всероссийский форум деловых СМИ: нейросеть – новый инструмент для создания контента [Электронный ресурс]. Export.Link. URL: <https://m.rusexporter.ru/news/detail/15924/> (дата обращения: 02.02.2025)

Ж. Секей, А.С. Хибадуллина, Г. Сагындыккызы
Шакарим Университет, Семей, Казахстан

Нейронные сети в информационном пространстве: возможности, проблемы и перспективы для медиа

Аннотация. В статье рассматриваются возможности, проблемы и перспективы использования нейронных сетей в медиaprостранстве. Анализируется роль технологий искусственного интеллекта, в частности, нейронных сетей в сфере медиакommunikаций, а также оценивается их влияние на профессиональную деятельность медиаспециалистов. Основная цель статьи – выявить пути эффективного применения этих технологий в профессиональной деятельности будущих специалистов медиаиндустрии, а также проанализировать преимущества данных технологий. Развитие цифровых технологий кардинально трансформирует медиасферу, открывая новые перспективы использования искусственного интеллекта и нейронных сетей. Особенно значимым является применение этих технологий в процессах сбора, обработки и распространения информации, что способствует облегчению труда медиаспециалистов и повышению их продуктивности. Однако внедрение нейронных сетей вызывает и ряд актуальных проблем, связанных с профессиональной этикой, распространением недостоверной информации, ограничением творческой свободы и заменой человеческого труда. Изучение влияния нейронных сетей на медиaprостранство, а также выявление их потенциала и сопутствующих рисков представляет собой важную задачу как с научной, так и с практической точки зрения. Методология исследования включала анализ, опрос, обработку данных и экспертную оценку. Актуальность исследования заключается в том, что оно направлено на понимание динамики технологических процессов в медиaprостранстве и выявление новых перспектив для специалистов в области медиа. Результаты исследования показывают, что нейронные сети могут увеличить скорость обработки контента и улучшить качество информации в медиа-среде, но также могут вызывать такие вызовы, как этические проблемы и сокращение рабочих мест. Поскольку использование технологий искусственного интеллекта интегрировано в ключевые компетенции будущих медийных специалистов, подчеркивается необходимость совершенствования их навыков использования нейронных сетей.

Ключевые слова: медиа, профессия, нейронная сеть, искусственный интеллект, студент, журналист, контент.

Zh. Sekey, A. Khibadullina, G. Sagyndykkyzy
Shakarim University, Semey, Kazakhstan

Neural networks in the information space: opportunities, challenges and perspectives for media

Abstract. The article explores the opportunities, challenges, and prospects of using neural networks in the media landscape. It analyzes the role of artificial intelligence technologies, particularly neural networks, in the field of media communications and assesses their impact on the professional activities

of media specialists. The study aims to identify effective ways to apply these systems to the professional activities of future media specialists and analyze the advantages of these technologies. The development of digital technologies is radically transforming the media sphere, opening up new opportunities for the use of artificial intelligence and neural networks. The use of these technologies in the processes of collecting, processing, and distributing information is particularly important, as it helps streamline the work of media specialists and enhances their productivity. However, the introduction of neural networks also raises several pressing concerns related to professional ethics, the dissemination of misinformation, the restriction of creative freedom, and the replacement of human labor. Studying the impact of neural networks on the media space, as well as identifying their potential and associated risks, is an important task from both a scientific and practical point of view. The study employed methods such as analysis, surveys, data processing, and expert evaluation. The significance of the study lies in its focus on understanding the dynamics of technological processes in the media space and identifying new opportunities for media professionals. The results show that neural networks can increase the speed of content processing and improve the quality of information in the media environment. However, they also cause challenges such as ethical concerns and job displacement. As the use of artificial intelligence technologies is integrated into the core competencies of future media professionals, the study emphasizes the importance of developing skills in using neural networks.

Keywords: media, profession, neural network, artificial intelligence, student, journalist, content.

References

1. Beinenson V.A. Primenenie robotizirovannogo kontenta v realizacii rekreativnyh funkcij massmedia [The use of robotic content in the implementation of recreational functions of mass media]. *Znak: problemnoe pole mediaobrazovaniya* [The sign: a problematic field of media education]. 2(40). 184-193(2021). <https://doi.org/10.47475/2070-0695-2021-10221>. [in Russian]
2. Karpovich Je.M. Avtomatizacija raboty SMM-specialistov s pomoshh'ju iskusstvennogo intellekta [Automating the work of SMM specialists using artificial intelligence]. (Krasnojarsk, 2023. - pp. 252-254). [in Russian]
3. Hvoshtik E. Ljubljii II nenavizhu [I love AI and I hate it] // *Kommersant* [Kommersant]. 8. 4-5(2023). [in Russian]
4. Rozhdestvenskaya Ja. Ostorozhno, snova intellekt! [Careful, it's intelligence again!] // *Kommersant* [Kommersant]. 20. 18-19(2023). [in Russian]
5. Mamikonjan O. Polovina rossijskih studentov ispol'zujut nejroseti v uchebe [Half of Russian students use neural networks in their studies] // *Forbes Life*. 2. 23-24(2023). [in Russian]
6. Newman N. Journalism, Media, and Technology Trends and Predictions. [Electronic resource] Available at: <https://reutersinstitute.politics.ox.ac.uk/sites/default/files/2022-01/Newman%20-%20Trends%20and%20Predictions%202022%20FINAL.pdf>. (Accessed: 03.02.2025).
7. Zorina V.A. Literature Review on Artificial Intelligence in Journalism: A Bibliometric Analysis of Publications Indexed in the Web of Science and Scopus // *Voprosy teorii i praktiki zhurnalistiki* [Questions of the theory and practice of journalism]. 4. 734-744(2021). <https://doi.org/10.17150/2308-6203.2021>.
8. Morozova A.A. Fenomen iskusstvennogo intellekta v sovremennoj nauke: ponjatie, vektory i problemy primeneniya v sfere massmedia [The phenomenon of artificial intelligence in modern science: the concept, vectors and problems of application in the field of mass media] // *Znak: problemnoe pole*

mediaobrazovaniya [The sign: a problematic field of media education]. 4(42). 41-52(2021). <https://doi.org/10.47475/2070-0695-2021-10405>.

9. Ignateva M.V. PR-specialisty vs nejroset': v ch'ju pol'zu budet schet? [PR specialists vs neural network: in whose favor will the bill be?]. (Krasnojarsk, 2023. 120-125 p.).

10. Rai N. Why Ethical Audit Matters in Artificial Intelligence? // AI and Ethics. 2. 209-218(2021).

11. Intelligent Machines: The jobs robots will steal first. [Electronic resource]. URL: <https://www.bbc.com/news/technology-33327659>. (Accessed: 03.02.2025)

12. Shkalenko A.V. Vlijanie iskusstvennogo intellekta na kreativnye industrii: tendencii i perspektivy [The impact of artificial intelligence on creative industries: trends and prospects] // Vestnik VolGU. Seriya 3: Jekonomika. Jekologija [Bulletin of the Volga. Series 3: Economics. Ecology]. 3. 44-59(2022). <https://doi.org/10.15688/2022-0596-2021-10321>.

13. XIV Vserossijskij forum delovyh SMI: nejroset' - novyj instrument dlja sozdanija kontenta [XIV All-Russian Business Media Forum: neural network is a new tool for creating content] [Electronic resource]. Export.Link. Available at: <https://m.rusexporter.ru/news/detail/15924/> (Accessed: 02.02.2025)

Авторлар туралы мәлімет:

Секей Ж. – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ филологиясы және журна-листика кафедрасының аға оқытушысы, Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан.

Хибадуллина А.С. – магистр, қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан.

Сағындықызы Г. – гуманитарлық ғылымдар магистрі, қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының аға оқытушысы, Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Секей Ж. – кандидат филологических наук, старший преподаватель кафедры казахской филологии и журналистики, Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан.

Хибадуллина А.С. – магистр, старший преподаватель кафедры казахской филологии и журналистики, Университет имени Шакарима, Семей, Казахстан.

Сағындыккызы Г. – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры казахской филологии и журналистики, Университет имени Шакарима, Семей, Казахстан.

Information about the authors:

Sekey Zh. – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Department of Kazakh Philology and Journalism, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Khibadullina A.S. – Master's degree holder, Senior Lecturer, Department of Kazakh Philology and Journalism, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.

Sagyndykkyzy G. – Master of Humanities, Senior Lecturer, Department of Kazakh Philology and Journalism, Shakarim University, Semey, Kazakhstan.